

## "Қызылорда облысының агроОнеркәсіптік кешен саласында инновациялық жобаларды іріктеуді үйымдастыру Қағидасын бекіту туралы" Қызылорда облысы әкімдігінің 2013 жылғы 11 қыркүйектегі № 275 қаулысына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы

Қызылорда облысы әкімдігінің 2015 жылғы 07 желтоқсандағы № 250 қаулысы. Қызылорда облысының Әділет департаментінде 2015 жылғы 21 желтоқсанда № 5267 болып тіркелді

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қантардағы Заңына сәйкес Қызылорда облысының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. "Қызылорда облысының агроОнеркәсіптік кешен саласында инновациялық жобаларды іріктеуді үйымдастыру Қағидасын бекіту туралы" Қызылорда облысы әкімдігінің 2013 жылғы 11 қыркүйектегі № 275 (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 4524 нөмірімен тіркелген, 2013 жылғы 10 қазанда "Сыр бойы" және "Қызылординские вести" газеттерінде жарияланған) қаулысына мынадай өзгерістер мен толықтыру енгізілсін:

атаған қаулымен бекітілген Қызылорда облысының агроОнеркәсіптік кешен саласында инновациялық жобаларды іріктеуді үйымдастыру Қағидасының:

4-тармағының 6) тармақшасы жаңа редакцияда жазылсын:

"6) Қызылорда облысының табиғи-климаттық, топырақ жағдайына бейімделген ауыл шаруашылығы дақылдарының жаңа сорттарын өзірлеу, енгізу және тарату.";

6-тармағы алынып тасталсын;

9-тармағы келесі мазмұндағы 3) тармақшасымен толықтырылсын:

"3) іріктеу жүргізілетін инновациялық жобалардың басым бағыттарының атаулары."

;

11-тармағының 5), 6), 7), 8) тармақшалары жаңа редакцияда жазылсын:

"5) конкурсқа қатысуға өтінімдерді қабылдау уақытының аяқталуының алдындағы бір айдан бұрын емес берілген үш айдан астам (төлем мерзімі Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес ұзартылған жағдайларды қоспағанда) салық берешегінің және міндettі зейнетақы журналары, міндettі кәсіптік зейнетақы журналары мен әлеуметтік аударымдары бойынша берешегінің жоқ екені туралы не бір теңгеден кем салық берешегінің және міндettі зейнетақы журналары, міндettі кәсіптік зейнетақы журналары мен әлеуметтік аударымдары бойынша берешегінің бар екені туралы тиісті салық органының белгіленген нысандадағы анықтамасының түпнұсқасы,";

"6) өтінім берушіге қызмет көрсетілетін банктің немесе банк филиалының қолы және мөрі бар өтінім берушінің Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі басқармасының

қаулысымен бекітілген Екінші деңгейдегі банктердегі және ипотекалық компаниялардағы бухгалтерлік есеп шоттарының Үлгі жоспарына сәйкес банктің немесе банк филиалының алдындағы міндеттемелерінің барлық түрлері бойынша анықтама берілген күннің алдындағы үш айдан астам созылған мерзімі өткен берешектің жоқтығы туралы анықтаманың түпнұсқасы (егер өтінім беруші екінші деңгейдегі бірнеше банктің немесе филиалдарын, сондай-ақ шетелдік банктің клиенті болып табылса, осы анықтама осындай банктердің әрқайсысынан ұсынылады). Анықтама конкурсқа қатысуға өтінімдерді қабылдау уақытының аяқталуының алдындағы бір айдың ішінде берілуі тиіс;";

"7) лицензиялардың не электрондық құжаттық қағаз көшірмесі түріндегі лицензияның және (немесе) патенттердің, куәліктердің, сертификаттардың, рұқсаттардың, өтініш берушінің аграрлық бейіндегі ғылыми, ғылыми-техникалық және инновациялық салаларда жұмыстар орындауға біліктілік талаптарын растайтын басқа да құжаттардың нотариалды куәландарылған көшірмелері;";

"8) занды тұлғалар үшін қосымша:

занды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәліктің\* немесе анықтаманың нотариалды куәландарылған көшірмесін. Егер занды тұлға қызметін Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен бекітілген Үлгілік жарғының негізінде жүзеге асырған жағдайда, онда мемлекеттік тіркеу туралы өтініштің нотариалды куәландарылған көшірмесін.

Ескертпе: \*"<sup>1</sup>Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне занды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу және филиалдар мен өкілдіктерді есептік тіркеу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2012 жылғы 24 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңы қолданысқа енгізілгенге дейін берілген занды тұлғаны (филиалды, өкілдікті) мемлекеттік (есептік) тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәлік занды тұлғаның қызметі тоқтатылғанға дейін жарамды болып табылады".

19, 21, 22-тармақшалары жаңа редакцияда жазылсын:

"19. Өтінімдерді қарау қорытындысы бойынша Комиссия инновациялық жобаны жергілікті бюджет қаражаты есебінен қаржыландыру немесе оны қаржыландырудан бас тарту туралы ұсынымдар шығарады. Комиссия ұсынымдары комиссия отырысының хаттамасымен рәсімделеді.";

"21. Комиссияның ұсынымы негізінде бюджеттік бағдарламаның экімшісі оның отырысының хаттамасына қол қойылған күнінен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде бюджеттік бағдарлама шеңберінде инновациялық жобаны жергілікті бюджет қаражаты есебінен қаржыландыру немесе оны қаржыландырудан бас тарту туралы шешім қабылдайды.";

"22. Инновациялық жобаны қаржыландыру туралы шешім қабылданған сэттен бастап бюджеттік бағдарламаның экімшісі 7 (жеті) жұмыс күні ішінде конкурс

қорытындысы бойынша женімпаз деп анықталған өтінім берушімен инновациялық жобаны енгізу және тарату бойынша шарт жасайды.".

2. Осы қаулының орындалуын бақылау Қызылорда облысы әкімінің орынбасары С.С.Қожаниязовқа жүктелсін.

3. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қызылорда облысының әкімі*

*К. Көшербаев*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заннама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК